

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің

7 «б» сыныбында 2022 -2023 оқу жылының

жылдық қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстары жөнінде хабарлама


Жаңа оқу жылында класта 19 оқушы бар. Ұлы – 11, қызы – 8. Жыл басында мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып кластың әлеуметтік паспортын жасақталды. Яғни, класс оқушыларының әлеуметтік жағдайларына анализ жасалды. Класс оқушылары түгелге жуық оқулықпен қамтамасыз етілді.

Қазан айының басында Кәрібай Кәусар оқушымыз басқа мектепке ауысып кетті. Сонымен класымызда 18 оқушы қалды. Оның 10-ер бала, 8 – қыз бала. Сондай – ақ класс оқушылары әртүрлі кластан тыс шараларға да белсене қатысып отырды. Атап айтқанда, сынып оқушыларының ер балалары мектепшілік футбол ойынынынан 2 орын алды. Бердіғалиев Саламат оқушымыз Облыстық «Мың бала» Ұлттық Зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы атанып сонымен қатар **100 (жүз мың)** теңге ақшалай сыйлық иемденді.

Аудандық Т.Жармағамбетов туған күніне орай өткізілген «Тобық оқулары» байқауынан III орын алды. Табынбай Асылжан 23 қазанда мектебімізде дәстүрлі жылда өтетін АӘД және дене тәрбиесі пән бірлестігі ұйымдастырған ата-аналарға арналған II Спартакиадасы өткізілді. 7 сынып ата-аналары жалпы командалық есепте II орынды иемденді. Класымыздың атынан шыққан анамыз Құлниязова Мәдина апайымыз мектепшілік алғыс хатпен марапатталды. Сыныбымызда «Ақылдың көзі – аталы сөз» мақал – мәтелдер сайсы өткізіліп, сынып оқушылары белсене қатысып жүлдері орындар алды.

Балалар әр сабаққа мұқият, тиянақты, санитарлық талаптарға сай дайындалып келеді. Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналыстары уақытылы өткізіліп хаттамалары жазылды.

Жоспарланған тәрбие сағаттары мақсаттарына сай өткізілді. Оның ішінде жолда жүру ережесі оқушыларға түсіндіріліп, соған байланысты жол белгілері көрсетілді. Жылдық қорытындысы бойынша 2 озат, 7 екпінді оқушы болды.

Сынып жетекшісі:  Мусина П.А